

Л 2005

6054 К

СЫЙЛЫГЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ



ГАБРИЭЛЬ  
ГАРСИА МАРКЕС

*"Обель сыйлығының лауреаттары"  
сериясы қоғамдық кеңесінің мүшелері*

---

*Юсупов Кеңес (төраға)  
Абдрахманов Сауытбек  
Асқаров Әлібек  
Ақтаев Сарбас  
Әбдіков Төлен  
Әбдіхалық Жомарт  
Әкімжанов Мәткәрім  
Бельгер Герольд  
Жұмабаев Әбілмәжін  
Құл-Мұхаммед Мұхтар  
Сагындықова Нагима  
Сатыбалдиев Ерлан  
Серікқалиев Зейнолла  
Степанова Лидия  
Шәкеев Нұргазы  
Ысмагұлов Жұмағали*

# Габриэль Гарсиа Маркес

---

Жүз жылдық жалғыздық

*Роман*



826.134.2-3103 = 572 722

ББК 84. 4/8

М 23,

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Маркес Габриэль Гарсиа.

Жұз жылдық жалғыздық. Роман. Аударған Кеңес Юсуп.


М 23 Астана: Аударма, 2004. — 472 бет.

ISBN 9965-18-093-8

Колумбия жазушысы Габриэль Гарсиа Маркестің “Жұз жылдық жалғыздық” романы 1985 жылы қазақ тілінде жарық көргенге дейін он миллион дана таралыммен әлемнің 32 тілінде сөйлеген еді. Бұл деректер толық емес, қазір ескірді. Ойткені, 1982 жылы әдебиет саласындағы Нобель сыйлығын иеленген бұл туынды бертінде қырғыз, өзбек және басқа тілдерде де өз оқырманын тапты. Әуелде қазақ оқырманының пайым-парасатына, талғам-түсінігіне сай келмейді дегендеге күмөн туғызған шығарма жеті мың дана болып шыққан бетінде аз күннің ішінде таралып кетті.

Бүгінгі жаһандану заманындағы адамзат баласының алдында тұрған түйінді мәселелерді терең қозғайтын бұл туындының кейінгі толқынның да ықыласын өзіне аударары сөзсіз.

54489 РДХ



М 4703040100-101  
00 (05)-04

ББК 84. 4/8

ISBN 9965-18-093-8

- © Қазақша аудармасы, 2004
- © «Елорда» баспасы, 2001
- © «Аударма» баспасы, 2004
- © Қазақстан кітап графиктері суретшілерінің қоғамдық бірлестігі, 2004





Әкесі өзін мұзды көргүте ерте барған сол бір алыс кешті полковник Аурелиано Буэндия кейін, арада талай жыл откен соң, атыларының алдында қабырға қасында тұрып есіне алған. Макондо дегеніңіз – онда жып-жылтыр аплак койтастар арасымен арқырап ағып жататын мөлдір сулы өзеннің жағасындағы балшық пен бамбуктен өрілген жиырма шақты лашығы бар шағын селен. Дүние жаңа ғана жаралған қалпындағыдан, мынау еді деп түртіп көрсетпесең, тіпті, көптеген заттардың өлі атауы да жок кез. Жыл сайын наурыз туа, селеннің шетіне жалаңаш-жалпы сыған тобыры келіп шатырын тігетін де, кернейлете-сырнайлата жүріп, Макондо жүрттың оқымыстылардың соңғы кездे ойлап тапқан жаңалықтарымен таныстыратын. Сығандардың алғаш-қыда өкелгені – магнит. Еті қайтқан салалы саусақтары буын-буындарынан құс топшыланып бүгіле бастаған, өзін Мелькиадес деп таныстырған қалың қауға сақалды, мескарын сыған Македония алхимиктері ашқан өлемнің сегізінші ғажайыбы осы деп, магниттің қасиеттеріне жиналған жүртты таң-тамаша етті. Екі қолына темірдің қос кесегін ұстаған ол лашықлашықтың арасын қуалай өтуі мүн екен, зәре-күты қашқан жүрт шылапшын, тегене, тістеуік, табак біткеннің жатқан орындарынан сарт-сұрт көтеріліп, тот басқан шеге-бұрандалардың қағылған жерлерін қақыратып шығардай қансыған тақтайларды сақыр-сұқыр еткізгенін көріп, қайран қалды. Өлдекашан із-тозсыз жоғалдыға саналған заттар да бұдан бұрын талай іздегенде таптырмаған тұстан шығып, Мелькиадестің сиқырлы темірлерінің сонынан үбырып-шұбырып ере жөнеледі. “Заттың да жаны бар”, – деп шарылдақ дауыспен сыған жар салып жүр. – Тек оларды оята білу керек”. Үшқыр қиялы қашанда жаратылыстың жасам-

наз парасатының шамасы жетеді-ау дейтін шектің өзінен арыға елестер мен ғажаптар аулына қарай жетелеп кетіп жүрестін Хосе Аркадио Буэндия өзірге пайдасыз осы ғылыми жаңалықты жер қойнауынан алтын алуға бейімдесе де-ген ойға қалды.

Мелькиадес затында адаптация болатын, салған жерден “бұл шаруаға магнит жарамайды” деп ескертіп-ақ еді. Соған қарамастан сығандардың адалдығына ол кезде сенімі аз Хосе Аркадио Буэндия қашырын жетелетіп, үстіне бірнеше лағын қоса беріп, магнит кесектеріне айырбастап алды. Осы бір-екі түяқтың арқасында үй-ішінің кетеуі кеткен шаруасын бір ондаған алуды ойлаған әйелі Урсула Игуараның қарсылығына да қараған жоқ. Қайырған жауабы жалғыз: “Тубінде сені алтынның астында қалдырам, қайда қоярынды білмейсің өлі”. Бірнеше ай бойы Хосе Аркадио Буэндия табанынан таусылып жүріп, берген үәдесін орындауға тырысып баққан. Айнала тоңіректі түк қоймай түгел сүзіп шықты, тіпті, озенинің түбін де қалдырган жоқ, магниттің кос кесегін сүретіп, Мелькиадес үйреткен дүғаны күнірене оқи жүріп, су кешті. Сондағы іліктіріп, жалғаның жарығына шығарған жалғыз дүниесі – ұрсаң ішіне тас толтырылған асқабақ сыйылды күнгірлеген дыбыс шығаратың, он бесінші ғасырдан тат басқан сауыт-сайманы. Осынау жорықтарында өзіне серік болған төрт ауылдасымен бірге Хосе Аркадио Буэндия өлігі сауыт-сайманды бұзған кезде ішінен мойнына бірнеше тал әйел шашы салынған мыс тұмар ілінген белгісіз жаның сүйегінен басқа ештеңе шыққан жоқ.

Наурыз тағы сығандар қайта жетті. Бұл жолы олар Амстердам еврейлері ашқан ең соңғы жаңалық десіп, сыңар коз дүрбі мен колемі дағырадай үлкейткіш шыны өкелді. Дүрбіні шатырларының қасына орнатып, көшениң келесі басына сыған әйелін отырғызды. Бес реал төлеп, алма-кезек дүрбіге сығаласқан жүрт көз ұшындағы сыған әйелінің қол созым жерге дейін жақындағанын коріп, жағаларын үстады. “Ғылым алысты жақындаатты, – деп жар салды Мелькиадес. – Көп ұзамай үйден шықтай-ақ дүниенің төрт бұрышында не болып жатқанын коретін боламыз”. Бірде аспан айналып

жерге түскендей шаңқай түсте сыйандар тағы да бір танғажайып қызық көрсөтті: көшениң қақ ортасына қураған бір құшақ шөп тастап, әлпі лып шынылары арқылы күн сөулесін түсіруі мүң екен, шөптің лап ете түскені. Магниттің опығынан өлі оңала алмай жүрген Хосе Аркадио Буэндианың санасында үлкейткіш шыныны айбынды қаруға айналдыrsa деген ой жылт етті. Бұл жолы да Мелькиадес баяғыдай оны айнытуға өрекет жасап көрді де, конбеген соң алып шынысын магниттің ежелгі екі кесегі мен үш алтын тенгеге айырбастауга келісімін берді. Қапаланған Урсула козінің жасын бір сыйып алды. Әкесі марқұм ішер ас, киер киімге жарымай жүрсе де, ғұмыр бойы тірнектеп жинаған ескі алтын тенгелері салынған сандықшаны татырлық бірдене бола қалса, іске жаратып ұқсатармын деп, төсегінің астына тығып ұстайтын, қинала-қинала соны ашты. Хосе Аркадио Буэндия әйелін жұбатуға да жараган жок, бірден тәжірибе жасауға қойып кетті, бұл іске ол нағыз ғалымдарша озін де, озге дүниені де ұмытып, өміріне төнген қауіп-қатерді де қаперіне алмай білек сыбана кірісп қетті. Әлгі үлкейткіш шыныны дүшпан әскерлеріне қарсы қалай қолдануға болатынын дәлелдеймін деп жүргенде, оз тәнін озі күн сөулесіне күйдіріп алып, соңынан онысы жарага айналып, ұзак уақыт жазылмай жаңына да батқан. Қауіпті қарекетіне әйелі жан ұшыра қарсылық көрсетпегендеге, ол, тіпті, оз үйін ортеп жіберуден де тайынбайтын еді. Жасаған жаңа қаруынын стратегиялық мүмкіндіктерін ойластыру үстінде Хосе Аркадио Буэндия талай сағат талжылмай үйінде отырып, оны қолдану жонінде бұлтарптайтын дәлелдерге негізделген, әрі таңдашарлықтаї түсінікті тілмен баяндалған нұсқаулық та әзірледі. Бұл нұсқаулығын ол жүргізген мың сан тәжірибесінің жөн-жосығы баяндалған сипаттамаларымен және бірнеше парап түсіндірме сыйбаларымен қоса тіркеп, хабаршы арқылы оқімет орындарына жөнелтеді, ал анау болса сенгір-сенгір таулардан асып, жан аяғы баспаған батпақтардан, откел бермес асау озендерден өтіп, ит пен құсқа жем бола жаздал, жалғыздықтан өзегі өртеніп жапа шегіп, ақыры, іш сүзекке ұшырай жаздал барып қана өлдім-талдым дегенде почта тасылатын күре

жолға шығады. Ол кезде қалаға жету дегенің қиямет болатын, соған қарамастан Хосе Аркадио Буэндия өкімет адамдары емеурін білдірсе-ак жетем, әскер басыларына қаруымың қалай қолданылатынын корсетем, күн сөүлесінің күшімен соғыс жүргізудің күрделі өнерін өзім келіп үйретемін деп сөлем жолдады. Соナン кейін талай жыл бойы алаңдаған жауап күтіп жүрді. Күте-күте тағаты таусылғанда гана барып, Мелькиадеске озінің бағы жанбаған бір сормаңдаі скенін айтып, мұңын шақты, сыйған өзінің адамгершілігі жоғары жан екенін бұл жолы да бұлтартаңпай дәлелдеді. Үлкейткіш шыныны қайтып алып, алтын тенгелерді қайтаратын берді, оған коса Хосе Аркадио Буэндияға португалдықтардың бірнеше теңіз карталары мен әр түрлі навигация құралдарын сыйлады. Сонымен бірге Мелькиадес өз қолымен Герман монахтың еңбектерінің қысқаша мазмұнын жазып шығып, астролябияны<sup>1</sup>, буссольді<sup>2</sup>, секстантты<sup>3</sup> пайдапануды үйретпек ииетпен Хосе Аркадио Буэндияға қалдырыны кетті. Іздегенге сұраған, Хосе Аркадио Буэндия жаңбырлы маусымның ұзак айларында есікті іштен іліп алғып тұқпірдегі кішкентай болмeden шықпай омалып отырды; бұл тәжірибе жасауға қолайлы, әрі ешкім бөгет жасамайтын тыныш болме еді. Бұдан кейін үй-жайды да ұмытты, түн баласын құрғатпай аулада жүріп, жұлдыздардың қозғалысын бақылайды; күндізгі қарекетіне келсек, бірде тал түс болған мезгілді айқындау тәсілін табам деп жүргенде күн отін өліп қала жаздағаны да бар. Аспаптарын әбден игеріп алған кезде, оның кеңістік туралы түсінігінің кеңігені сонша, бөлмесінен шықпай-ак ойымен көзі көрмеген теңіздерді көзіп, жан аяғы баспаған жерлерді зерттеп, қайдағы ғажайып макұлықтармен байланыс жасап жүреді. Ұрсула мен балалар бел жазбай далада жеміс-жидек, жұзімдерін күтіп-бантаямен әлектенсе, мұның онда шаруасы жок, ешкімді козіне ілмей, үйдің ішінде сенделіп жүріп өзімен-өзі сойлесетінді шығарған көзі де осы. Коп ұзамай Хосе Аркадио Буэндианың таусылып бітпейтін күйбені кенеттен саптыйылып, түсініксіздеу күйге ауысты. Бірнеше күн қатарынан ол мөнгірген адамша жүрді: біресе танданған, біресе

<sup>1</sup> Астролябия - жұлдыздарды бақылайтын құрал.

<sup>2</sup> Буссоль - геодезиялық аспап.

<sup>3</sup> Секстант - бұрыш олшайтін аспап.

күмөнданған кейіппен күбір-күбір етіп, әр түрлі болжамдар жасайды. Ақыры, желтоқсан айының бір сейсенбісінде түскі астың үстінде кокірегін кеулеген күмән-күдікті актарып тастап бір-ақ женілейді. Талай таңды козімен атырып, санаменен сарғайып, тілеп алған мазасыз тірлігінен өбден қалжыраған әкелерінің безгегі ұстаған адамдай тұла бойының қалтырап тұрганына қарамастан, еңселеніп, әрі маңғазсып торға келіп отырып, оларға ашқан жаңалығын жайып салғандагы кескін—келбеті балаларының кокірегінде оле—олгенше сакталып қалады:

— Жер де мынау апельсин сияқты жұмыр, — деді әкелері. Урсула ызадан жарылып кете жаздады. “Жындансан, озін жындан. Өзінмен кетсін. Бірақ балаларға соқтықпа, құдай атқыр сығанның сандырағын ендігөрі айтушы болма!” — деп шар ете қалды. Хосе Аркадио Буэндиа козғалған жок, өбден ашынып, ашуға булыққан әйелі астролябиясын жерге атып үрганда да қынбады. Ертеңінде тағы бір астролябия жасап алып, озінің бөлмесіне селенинің еркектерін жинауды да, ешқайсысы түсінбесе де, оларға теориялық тұжырымдарға сүйеніп, егер бағытынды озгертуей ылғи шығысқа қарай жүзіп отырсаң, онда сапарға аттанған жеріңе қайтып оралуга болатынын дәлелдеп берді. Макондодагылар Хосе Аркадио Буэндиа, сірә, есінен ауысқан шығар деген ойға да қалған, абырой болғанда осы кезде Мелькиадес қайтып оралып, күбір-сыбырды тыйып таставды. Ол тамам жұрттын козінше тек астрономиялық байқауларға ғана сүйеніп, бүгінге дейін Макондо жұрттына бейімағлұм болып келгенімен, тожірибе жүзінде баяғыда дәлелденген қысынды оз бетінше ашқан адам парасатының атына асқақ сөздер айтып, сол ілтипатының белгісі ретінде Хосе Аркадио Буэндиага кейіннен құллі селенинің тағдырының күрт озгеруінсебеп болған сыйлығын — алхимия лабораториясының жабдығын ұсынды.

Мелькиадестің аяқ астынан күрт картайып, шогін кеткені де осы тұс. Деревняға алғашқы келген кезінде оны Хосе Аркадио Буэндиамен құрбы ма дер едін. Ал анау болса жойқын құшін олі жойған жоқ, құлағынан ұстап құнанды

жыгатын қайраты қазір де бойында, есесіне сығанды іштеп бір дерт жеп жатқан сияқты. Шынында, Мелькиадестің бүйтіп құлдырауына бір ғана аурудың емес, токтау – толассыз жаһан кезіп жүргенде жаңына жамалған сан дергітің салқыны еді. Хосе Аркадио Буэндиага лабораторияны жабдықтауга жөрдемдесе жүріп, ажал-тажалдың өзін оқшелегеніне де біраз болғанын, бірақ әлі де тап беріп ауыз салуга бата алмай жүргенін айтқан. Адамзат басына түскен небір кесепат пей зұлматтың бел ортасында талаі болса да, аман қалып жүр. Персияда құсташамен, Малайя аралдарында діңгенемен, Александрияда алапесспен, Жапонияда шеменмен, Мадагаскарда безді обамен ауырды, талаі адамның жаңын жалмаған Сицилиядагы жер сілкінуді, Магеллан бұғазындағы кеме апатын бастан кешті, бірақ олғен жоқ. Нострадамустың<sup>1</sup> да құпиясы маган мәлім дең мардымситын осынау ала ботен тіршілік исесінің кескін-келбеті де озгеше еді: аты шұлы атағына сай түсі де ызбарлы болатын, азиялықтарға тән жанары да сұсты, бақайшағыңа дейін коріп түрғандаї, оңменінен оте қарайтын. Ол қарғаның қаққандағы канаты төрізді жалпақ қара жиекті қалпақ, уақыт когі шалған конетоз барқыт кеудене кийіп жүретін. Керемет кеменгерлігіне, тылсым құпия исесі екеніне қарамастан Мелькиадес те құнбе-құнгі тірліктің қам-қарекеті мен ауыртаптығынан жер тарта бастаган, ет иен сүйектен жарагалған иенде болатын. Ол да көрілік жетіп, қауқарынан айрыла бастағанына налитын, акшаның, оны-мұнының жетіспеушілігі де оның жаңына бататын, оның үстіне лінгенемен ауырганин кейін тістен айрылып, коптен бері құлқіден де қалған еді. Хосе Аркадио Буэндианың айтуынша, екеуінің арасындағы айнымас достықтың басталған сәті Мелькиадестің сол бір қапырық түс әлетінде өзіне келіп сырын ашқан күн. Сығанның ғажайып өнгімелері балаларға да қатты осер еткен. Торт бұрышты терезеден түскен жарайқиен нұрланып, алдарында отырған Мелькиадес әлі беске де келе қоймаған Аурелианоның санасында мәңгі жатта-

---

<sup>1</sup> Нострадамус (1503-1566) - француз астрологы, дөрігер, адамзат болашағын пайымдайтын “Фасырлар” деген кітаптың авторы.

лып қалады, оның органның үніне үқсас қоныр даусы бала санасының түкпір—түкпіріне бойлап, самайынан ыстықта еріген сары майдай тер тамшыларын сорғалатады. Ал Аурелианоның ағасы Хосе Аркадио осы ғажайып бейне туралы естелігін әлі үрім-бұтағына ауыздан-ауызға кошетін мұра стіп қалдырады. Сығанның келуі тек Урсулаға ғана ұнамсыз өсер қалдырыған, оған себеп болған жайт болмеге ол кірген сәтте Мелькиадес абайсызда хлорлы сынап құйылған құтыны сындырып алған еді.

— Мынау не, албастының иісіндей, — деп Урсула тыжырынған.

— Тіпті де олай емес, — деп Мелькиадес қарсылық білдірген. — Албасты күкірт сасыса керек, ал мынада сәл-пәл алмас иісі ғана бар.

Бұдан кейін де ол сол ақылгой даусымен ашудастан қайнатылған бояудың небір керемет қасиеттері жайында ұзын—сонар әнгіме қозғаған. Урсула оның созіне құлақ қойған жоқ, балаларды құлышылық етуге ертіп кетті. Бірақ, осы бір жағымсыз иіс Урсуланың есіне әрдайым Мелькиадесті салатын болады.

Лаборатория деп аталған болмеде тегене-тегеш, құйғы, қайнатқы, елек пен сүзгі сияқты түрлі ыдыстарды айтпағанда, көдуілгі көрік пен озінше философиялық тұтастықты бейнелейтін қыл мойын колба мен заманында Жойт Мария<sup>1</sup> пайдаланды—мыс деп саналатын, кейіннен сығандар үш шұмекті бүйірлі зат айырғыш шыны кеспектің ең соңғы қалпына салып, өз қолдарымен қайта жасаған су тазартқыштан басқа дәнене жоқ еді. Мелькиадестің Хосе Аркадио Буэндиага бергені бұл ғана емес, оған қоса жеті жаһаннның белгісі саналатын жеті металл, алтынды кобейту үшін айтылатын Мұса мен Зосымның дүғаларын, құпиясын ашқан адам әлемге тұтқа асыл тастың<sup>2</sup> қасиетін табады деп саналатын зат жайындағы жазбалар мен сызбалар да сыйлаған. Алтынды молайтудың онай жолы еліктірген Хосе Аркадио

<sup>1</sup> Жойт Мария — алхимик өйел (б.з.д. Ш.ғ. соңы)

<sup>2</sup> Асыл тас (философский камень) — алхимияда металды алтынға айналдыратын ерекше зат.

Буэндия әлгі құтты сандықшадан ежелгі тенгелерді алып беруін киылып отініп, оларды түп-тура шашылған сынап түйіршіктеріндегі көбейтетінін айтып, бірнеше алта бойы Урсуланың қыр соңынан қалмай қойған. Қашанғыдай күйеуінің қадалған жерінен қан алатын қайсаrlығына Урсула тағы да қарсы тұра алмады. Қолына тиісімен Хосе Аркадио Буэндия отыз тенгенге тастап, бояумен, мыс жонкасымен, сынаппен және қорғасынмен қоса балқытты. Соңан соң балқыманы ішінде майсана бар қазанға құйып, каша қайнатқанымен көбейген алтын жоқ, қайта иісі қолқаны ататын, алтынға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сірке секілді бір қоймалжың тұнба пайдада болды. Тазартуға, жеті жаһанның металын қосып қайта қорытуға, Гермес сынабымен<sup>1</sup> және тотияйынмен оңдеуге тырысқан жанкешті, әрі қатерлі әрекеттерінен де түк шыққан жоқ, шомыр майы да болмай, шошқаның майына салып қайнатып та корді, амал не, Урсуланың әкесінен қалған қымбат қазына қырсаң да алынбайтын қара күйік болып қазан түбінде қалды.

Сығандар келесі қайтып оралғанша, Урсула құллі дөревніға сығандардың жаман атағын жайып үлгерген еді. Амал не, қорқыныштан қызық құмарлық үстем түсті, сығандар сан түрлі музыкалық аспаптарын құлак тұндыра даңғырлатып кошені коктейл отіп, жаршылары назианздықтардың<sup>2</sup> ең үлкен жаңалығын коруге шақырып жар салды. Сол-ақ екен, бәрі де жапа-тармағай сыған шатырына үмтұлысты, бір-бір сентаво толеп, ішке кірген жүрт жүзінде әжім жоқ, аузында отыз тісі жарқырап, жасанғырап сау-сөлөмәт отырған Мелькиадесті корді. Бұдан бұрын оның алжа—алжа кейпін: лінгене жып-жылмағай қылып кеткен қызыл иегін, суалған жағын, опырайған аузын көрген жүрт өзін қайта жасартуға жараған сыған құдіретінің жаңа дәлелін көргенде қатты шошынды. Мелькиадес бір сәт баяғы өздері корген қауса-

---

<sup>1</sup> Гермес сынабы — алхимиктердің алтын жасауда қолданған сынабы. Алхимия аталарының бірі саналатын Гермес Трисмегистің атымен аталған.

<sup>2</sup> Назианздықтар — Кіші Азиядагы ежелгі қаланың тұргындары.

ған қартқа айналып, тізілген маржандай бір мүкісі жоқ ап-  
пак тістерін аузынан жұлып алып көпшілікке көрсеткенде,  
содан онысын қайта орнына салып, бір жымып койып,  
көздерінше жасарып шыға келгендे, жүрттың бойын үрей  
биледі. Тіпті, Хосе Аркадио Буэндианың санасына  
Мелькиадестін танымы адамзат баласына шақталған шама-  
дан арыға кеткен жоқ па деген күмән да кірген еді, алайда  
онаша қалып, сыйған өзінің жасанды тістерінің сырны  
түсіндіріп бергеннен кейін конілі орнына түсіп, шері тарқа-  
ғанша құлғен. Мұның бәрі Хосе Аркадио Буэндиага әрі  
қарапайым, әрі ғаламат көрінген, сойтіп келесі күні-ақ оның  
алхимияға деген ықыласы қайтып салқын тартқан, тағы да  
салы суға кетіп, не ішіп, не қойғанын білмейтін күйге түсіп,  
қайтадан үйі ішінде сенделіп журуді шығарған. “Дүниеде  
небір ғажайыптар болып жатыр, – деп Урсулаға мұзын айт-  
кан. – Дәл іргемізде, өзеннің ар жағында неше түрлі кере-  
мет аппараттар бар, макұлық қалпымызда қалған тек біз  
ғана”. Хосе Аркадио Буэндианы Макондоның іргесі қалан-  
ған кезден білетіндер оның Мелькиадестің ықпалымен адам  
танығысыз болып өзгергенін коріп қайран қалған.

Бұрыныракта Хосе Аркадио Буэндия мүлде басқа адам  
еді, жастығына қарамастан осы қауымның егін егіп, мал  
өсіру, бала тәрбиелеу жөніндегі жалғыз ақылшысы да, со-  
лардың қамы үшін әркімге қол үшін беруге әзір, қандай  
қара жұмысты да қомсынбайтын бас котерер азаматы да озі  
болатын. Осы ауылдағы ең еңселі үй де Буэндия  
шанырағынікі болатын, өзгелер де оз тұрақтарын соның  
үлгісімен салуға тырысқан-ды. Оның үйінің кең де жарық  
қонақ бөлмесі, айналасына айшықты ғұлдар өсірілген шы-  
нылы асханасы, екі жатын бөлмесі бар, ауласында алып  
талшын өсіп тұр, үйдің іргесінде мүқият онделген егін  
жайы, оның жанында ешкі-лагы мен шошқа, тауығы  
аралас қашасы бар. Тек бір өзгешелігі бұл үйде, жалғыз  
бұл үйде ғана емес, бүкіл ауылда ешкім де тобелестіретін  
әтеш ұстамайтын.

Урсула да күйеуіне сай қосылған шаруакор адам еді.  
Өмірінде әу деп дауыс шығарып ән айтпаған. осы бір бай-

салы да үстамды, шынашақтай ғана әйел темірдей төзімді, аса тындырымды жан еді, голландық кездемеден тігілген, крахмалданған койлегі сусылдаپ, ертеден қара кешке тізе бүкпей жүріп, жұз шаруаны қатар тындырып үлгеретін. Урсуланың арқасында балшықпен сыланған еден, әктелменген қыш қабыргалар, қолдан жасалған қарапайым үй мұліктері қашан корсең де мұнтаздай жарқырап тұратын, киім-кешек сактайтын коне сандықтардан да хош иіс аңқитын.

Ауыл арасындағы шаруага ең икемді Хосе Аркадио Буэндия үйлерді орналастырганда ешкім де суды алыстан тасып әуре-сарсанға түспейтіндегі етіп, оларды өзенге бірдей қанықтықта салу жағын қадағалады, кошелерді белгілегендеге де ең ыстық сотте әр үйге күн соулесі бірдей түсетіндегі етіп шамалап, ерен ықтияттылық корсетті. Ірге көтергеніне бірер жыл өтпей жатып-ак, Макондо тазалығы мен коркейтілуі жонінен ең ілгері мекенге айналды, оның үшін жұз тұрғыны бұрын-сонды көрген бір де бір мекен оған тең келе алмайтын. Шынында да, бұл тұрғындарының жасы отыздан аса қоймаған, әлі өлім-жітім кормеген құтты қоныс еді.

Сол Макондоға қоныс тепкен алғашқы күндерден-ак Хосе Аркадио Буэндия құстарға арнап торкөздер мен клеттер жасай бастаған-ды. Коп ұзамай ол өз үйін ғана емес, ауыл үйлерін түгелдей шымшиқ, сарғалдақ, балторғай, қызыл тамақ сияқты неше түрлі өнші құстарға сықап тастаған еді. Толып жатқан құстардың сан түрлі шықылығы мен шырылы құлағын тұндырыған Урсуланың есімнен жаңылып қалармын деп қорқып, құлағына балауыз тығып жүрген кездері де болған. Мелькиадестің тобыры алғаш рет келіп, бас ауруының дауасы деп доп-домалақ шыны дәрілер сатқанда, Макондо тұрғындары шексіз-шетсіз алқаптың бір қойнауында, тасада, тып-тыныш жатқан шағын ауылды сыйандардың қалай тауып келгеніне қайран қалған, сойтсе сыйандар құстардың даусын бетке алып жүріп отырынты. Алайда, жұрт пайдасы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимейтін Хосе Аркадио Буэндианың санасынан ел қамын магнит шырға-

ланы, астрономия сергелдені, алтын алу үміті мен әлемдегі ғажайып біткенді танысам-білсем деген құмарлық тықсырып тастаған еді. Әрдайым ширак, жинақы Хосе Аркадио Буэндия біртіндеп нағыз кер жалқаудың кебін киді, алқам-салқам болып, сакалы өсіп жүретінді шығарды, онысын Ursula анда-санда, кісі қарағызы болған кезде, қашанда қылпып тұратын ас пышақпен бір қырып беруші еді. Ауыл адамдары Хосе Аркадио Буэндианы біреу-міреу дұғалап тастаған-ау деген болжам жасады. Сойте тұра оның есінен айрылғанына зәредей күмән келтірген адамдардың өзі анау күрегі мен кетпенін арқалап, Макондоны ұлы жаңалықтар болып жатқан жермен жалғастыратын соқпақ тартуга комектесуге шакырғанда, үй-күйін, қатын-баласын қалдырып, салпақтақ соңынан ерген-ді.

Хосе Аркадио Буэндия айнала төнірекінің жағрафиясынан мүлдем бейхабар болатын. Бір билетіні: шығыста асу бермес аскар таудың, оның ар жағында Риоача деген коне қаланың бар екені; өзінің атасы, бірінші Аурелиано Буэндианың айтуынша, бағзы заманда сэр Фрэнсис Дрейк сонда су аждаһаларын зенбірекпен атқылауды ермек етеді екен, олтірілген хайуандардың терісін сыптырып, жамап-жасқап, ішіне сабан тығындан тұлып жасап, Елизавета ханымға жөнелтетін көрінеді. Жас кезінде Хосе Аркадио Буэндия бастаған бір топ еркек қатын-балаларын ертіп, дүниемүліктерін артып, малдарын айдалап, тенізге жетпек ниетпен осы асқардан бері асып түскен болатын, ақыры екі жыл екі ай аласып, әбден арып-аршыған сон, бәрін де қойып, қайта қайтпаудың қамымен осы Макондоға тұрақтаған. Откенге, кейінде қалғанға қайтып аппаратын Шығыска қарай кететін жолға көз тікпегені де сондықтан. Оңтүстікте мәнгі көк болып жататын мұк басқан сор және сыйғандардың айтуынша өзінше тұтас бір дүние құрап, ұшы-қырысыз кең жазира жатса керек. Бұл алқап батысқа қарай ойысқанда, шексізшетсіз айдынға ұласып кететін көрінеді, ал онда басы мен мықыны әйел сияқты терісі жұмсак бір жайын төрізді макұлық мекендейді екен, сол мақұлық өзінің ғажайып сұлу анарларымен арбап, сан теңізшінің түбіне жеткен дессді.

Әйгейір, сығандар почта тасылатын тас жол өтетін қара жерге жеткенше тұра жарты жыл жүзіпті. Соған қарап Хосе Аркадио Буэндианың пайымдауынша, мәдениеті ел-жүргіпен түйістіретін жалғыз бағдар – терістікте жатуға тиіс. Сойтіп ол заманында өзімен бірге Макондоның іргесін котерген ер азаматтардың қолына күрек пен кеппен, аңзы мылтығын үстатель, бағдарлағыш-олшегіш аспаптары мен картасын қапшынына салды да, қауіпті жорыққа аттанды.

Алғашқы күндері олар пәлендей қындық көрген жок. Жартасты-тасты болып келетін озеннің жағасымен құлдилап келіп, баяғыда өздері сауыт-сайман тауып алған тұска дейін жетті, жабайы апельсин ағаштарының арасымен отетін сүрлеу арқылы орманға енді. Аптаның аяғына қарай олар сөтін салғанда бұғы атып алды, оның жарты етін қақтап жеп, қалған жартысын тұздап, кейінге қалдырды. Бұл ертенгі күні тотының күлімсі ісі бар көк шандыр етіне қарап қала-мыз ба деген келешек қамымен жасалған қадам болатын. Содан олар тұра он күн бойы күн соулесін мүлде көрген жок. Біртіндеп аяқтарының астындағы топырақ жана ртау атқылағанда түстін күл түстеніп жұмсара, ылғалдана бастағанын сезді, ілгері жүрген сайын орман қоюлана, түнере түсті, құстардың даусы мен маймылдардың айғай-шуы да алыстан талып естілетін болды, дүние қуанышы мен қызығын жогалтқан тәрізді, төніректі тек кара түнек басты. Сірә, иенде баласы алғаш күнәға батқанға дейінгі жұмақ осындағы болған шығар, әйгейір, осынау түнерген тыныштық пен дымқыл түмшалаған дүниеде етіктерін әлсін-әлсін буы бүркырап жаткан май тәрізді ойдым-ойдым шалшықтарға тығып алып, айбалталарын оңды-солды сілтеп, ағаштарды, алқызыл гүлдер мен алтын түстес кесірткелерді қоса кескілеген адамдарды оның үстіне әлдеқашан ұмытылған естеліктер титықтатты. Тұра бір апта бойы олар мәңгүрт болған адамдарша бір-бірімен тіл қатыспай, жас қаннның жүрек айнаштар иісі бастарын айналдырып, жылт-жылт етіп жылтырак қоңыздарға қарінетін уайым үйездеген қарандықтардағы қапастың арасымен алға қарай ілбіді де отырды. Кері қайтатын да жол жок, өздері аршыған сүрлеуді көз алдарында

қайтадан қаулай көтерілген жасыл басып қалып жатыр. “Сабыр, сабыр,— дейді Хосе Аркадио Буэндия. — Бағытымыздан айрылып қалмасақ болғаны”. Компасының тілін қалт еткізбей қадағалаған ол осы қаранды қапастан құтылып шыққанша адамдарды бүрін өздері көріп-білмеген терістікке қараі бастады да отырды. Аспанда жұлдыз жоқ, көзге түртсе көрінбейтін қаранды түн, бірақ бұл көкіректі бірден ашып жіберген саумал ауаға толы озгеше қарандылық еді. Ұзак жолдан өбден діңкелеген, орі соңғы екі апта бойы дұрыстап бел шешіп дамылдай алмаған адамдар аспалы тосектерін іле—іле салып, бірден тыншып, қалың үйқыға батты. Ертеңінде олар күн арқан бойы көтерілгенде ғана барып оянды, тұра келгендерінде таңданғандары соншалық, бәрі де бір сөтке тілден айрылды. Тура қарсы алдарында таң шапағына малыншып, жайқалып өсken пальма мен қырыққұлактын арасында ағарынғап, өбден тозығы жеткен орасан зор испан кемесі тұрды. Кеме он қанатына қараі сөл қисайынқыраған, бүтін қалпында қалған діңгектерінің ара-арасынаң желкеннің алба-жұлба жыртықтары салбырайды, басқа күрал-жабдықтарының үстіне ғүл осіп кетіпті, қатты жерге нығыздала кірген корпусын ұлутас қабыршактары мен жұмсақ мұк басып қалыпты. Уақыттың не нәрсені болса да құртпай тынбайтын құдіреті де, қала берді қонған жерін базар ететін үшқан құс та жетпейтін, озге дүниеден оқшау, бәрінен де тыскары кеңістіктеге қалған тәрізді. Жолаушылар бойларын билеген тағатсыздықты әрәп тежеп, кеменің іші-сыртын мұқият қарап шықса да, жайқала оскен гүлдерден басқа еш норсе таба алған жоқ.

Теңіздің жақындығын дәлелдейтін кеменің кезігүі Хосе Аркадио Буэндианың аптығын бірден басып таstadtы. Мұны ол әрдайым өзін өжua етіп жүретін оз тағдырының тағы да бір тәлкегі деп үқты, енді қалай, көрмеген азап көріп іздегендеге таптырмаған теңіз керегі жоқ кезде міне откел бермес от дария болып қарсы алдынан шықты. Арада талай жыл откеннен кейін, почта тасылатын тас жол тартылған кезде, дәм айдал осы жаққа келген полковник Аурелиано Буэндия да жайқала көкнөр өсken алқапта әбден тозығы

жеткен кеме қанқасын кореді. Сонда ғана барып, бұл оқиғаны өкесінің ойдан шыгармағанына әбден козі жеткен ол кеменің тенізден мұнша қашыққа қалаі келіп қалғанына қайран қалады. Ал Хосе Аркадио Буэндия оны ойлап басын қатырған жоқ-ты, ол тағы да торт күн жол жүріп, кемеден он екі шакырым жерде тенізді корді. Оның бар арман-үміті де осынау кобігі бұрқыраған күл түсті лай теніздің жағасында жалп етіп сонді, озінің де, озгенің де басын қауіп-қатерге байланп, қанша әуре-сарсанға салғанда жеткен жері осы болғанына күйзелді.

— Атасына нәлет, — деп озегі ортсне күрсінді Хосе Аркадио Буэндия, — Макондоның жан-жағының бәрі су...

Осы жорықтан оралған Хосе Аркадио Буэндия жасаған күмән туғызар тұстары коп картаның негізінде копке дейін Макондо түбекте орналасқан деген пікір үstem болып келеді. Бұл картаны ол қоныс тебетін жерді сайлаған кезіндегі парықсыздығы үшін озін-озі жазғырып, зығырданы қайнап отырып сызған еді, сол себепті мұнда байлайғы дүниемен қарым-қатынастың қындығы да әдейі асыра корсетілген болатын. “Біз бұл арадан енді ешқайда шыға алмаймыз, — деп ол Урсулаға ауыр мұнын шақты. — Фылым-білімнің итілігін кормей, осында тірідей іріп-шіріп құримыз”. Кірген кісі айнала алмайтын тар лабораториясында бірнеше ай бойы осы ойын сарсыла сұыртпактап, ақыры Макондоны неғұрлым қолайлы жерге қоныстандыру жонінде үйғарым жасады. Алайда, оның пиғылын таныған әйелі айласын асырып кетіп, есуас жоспарын жүзеге асырмай таастады. Ол басқан ізін сездірмей, құмырсқа құйбенмен жүріп-ак, біртіндеп ауыл әйелдерінің бәрін кош колігін сайлай бастаған еркектердің есер қылышына қарсы азғырып шықты. Қайда, қашан жөне қандай дүшпан құштің жоспарын сан түрлі кедергілер мен сыйтау-себептердің шырғалаңына шырмап, ақыры қол жетпес арманға айналдырып жібергенін Хосе Аркадио Буэндияның озі де сезбей қалды. Бір күні таңертен Урсула қүйеуінің кошу жайлы күндегі сандырағын қайта-қайта мінгірлең, лабораториясының жабдықтарын жәшіктерге салып, құйбендең жүргенін коргенде, тіпті оған жаңы ашып кетті, бірақ

сыр бермей, түк білмеген адамша аңысын андады. Содан анау шаруасын жайғап болғанша жұмған аузын ашпады. Күйсінің естілер-естілмес күнкілдеп, ауыл еркектерінің бір де бірінің озіне ергісі келмейтініне ренжіп жүргенін түсінсе де, ол жәшіктерді шегелеп, қыл қаламды си-мим деп ренішін сездірген жок. Тек Хосе Аркадио Буэндия болменің есігін топсасынан ырғап шығара бастағанда ғана батылы барып, мұнысы несі екенін сұрады, “Әйтеуір, ешкімнің кеткісі келмейді екен, ендеше өзіміз-ақ кетеміз”, – деп жауап қатты қүйеуі қүйінішпен. Сонда да Урсула байсалды қалпынан жазған жок.

– Ешқайда да кетпейміз, – деді сабырмен. – Ұлымыз осында туған, осында қаламыз.

– Е, бұл жерде өзірге біздің ешкіміміз де олген жок қой, – Хосе Аркадио Буэндия қарсылық білдірді. – Адамды жермен байланыстыратын аруақ қана.

– Осында қалу үшін біреудің олуі шарт болса, онда мен-ақ олейін, – Урсула байыппен, бірақ батыл айтты.

Әрдайым қөнбіс әйелінен мұндаі қайсаrlық күтпеген Хосе Аркадио Буэндия сенер-сенбесін білмеді. Ол заіїбына қиялышынан туған неше түрлі кереметтерді гойітіп, қаласаң болды, сикырлы сұйықпен суарсан ағаштары қолма-қол жеміс беретін жерге барамыз деп, онда сырқаттарды емдеу үшін небір дуалы дәрілерді су тегін сатып алуға болатынын айттып, арбап та көрді, алдаң та корді. Бірақ оның бәріне селт еткен Урсула болған жок.

– Ертеден қара кешке дейін озінің оуейі ойларыңмен әлектенгенше, балаларға көз қырын салмайсың ба, – деп айтып-айтып тастанады. – Ит екеш ит те күшігін тағдырдың талқысына тастанайды ғой. Қарамайсың ба бір мезгіл.

Хосе Аркадио Буэндия әйелінің сезін тұра мағынасында үқты. Терезеге қараған ол, шынында да, Урсуланың зарына орай сол сәтінде ғайыптан пайда болғандай күн шуакта ойнап жүрген жалаң аяқ, жалаң бас екі баланы корді. Кенеттен жан-дұниесі төңкеріліп түскендей болып, әлдебір күш өзін түп-тамырымен омір сүріп отырған уақытынан

жұлып алып, еріксізден-еріксіз естеліктер иіріміне апарып, атын жібергенін сезді. Енді оле-олгенше осы үйден кетиейтінің козі жеткен Урсула еден сынырып жатқан кезде, балаларына өлсін-әлсін таңдана қараған Хосе Аркадио Буэндия өзінен-озі жасаураған көздерін қолының қырымен бір сипап өтіп, бәрін де төрк еткен раймен ауыр күрсінді.

— Жарайды. Балаларға айт, келсін, заттарды жәшіктен алуға комектессін,— деді.

Улкендері Хосе Аркадио он торттен асып бара жатқан. Ол тікірейіп тұратын қайратты қалың шашты, қауға бас, әкесіне тартқан бір бет мінезді бала болатын. Оның да әкесі сияқты алып денелі, жойқын күш иесі болып осетіні бай-қалатын, бірақ оған әкесінің қиялшылдығының дарымағаны қазірдің озінде көріне бастаған-ды. Ол асу бермес аскарлардан асып Макондоға беттеп келе жатқан ауыр жолдың үстінде бойға бітіп, дүниеге келген еді, нәрестенің хайуанға тән белгісіз, кодуілгі пенде баласындаи болып туғанын корген ата-анасы қатты куанып, құдайға құлшылық еткен. Ал Макондо топырағында туған тұңғыш адамзат перзенті Аурелиано алдағы наурыз айында алтыға толмақ. Бұл — үшілемейтін түйық бала. Ол шешесінің жатырында жатқанда жылап, дүниеге козін ашып туыпты. Кіндігін кесіп жатқанда болмедегі заттарға қарағыштап, басын ол жақ, бұл жаққа бұра беріпті, жан-жағында тұрган адамдарды да танырқап, бірақ қаймықпай, зер сала шолып шығыпты. Содан кейін өзін коре келген адамдардан жанарын аударып әкетіп, шелектеп құйған носер әні-міне опырып кете жаздал тұрган пальма жанырактарымен жабылған шатырға кірпік қақпай қарап жатыпты. Міз бақпай тесіле қарайтын көзқарасты Урсула күндердің күнінде тағы да есіне алады, бір күні үш жасар Аурелиано ас үйге кіре бергенде, озі жаңа қайнаған коже құйылған қыш тегенені оттан алып столға қойып жатқан. Табалдырықтан қорғаншактай аттай берген бала: “қазір құлайды” деді. Тегене үстелдің дәл ортасына орнықты-ақ қойылған болатын, алайда баланың осы создерді айтуы мүнекен, ішінен бір күш итергендей тегене үстелдің шетіне қарай

жылжи жөнелді де, құлап құл-талқаны шықты. Зәресі кеткен Урсула болған жайды қүйеуіне айтып еді, ол бұған ботен еш нәрсе болмағандай, мән берген жоқ. Оның әрқашанғы әдеті осы еді: бір жағынан балалық шақты адамның ақылойы толыспаған кезі санап ден қоймайтын, екіншіден, озінің әлгі парықсыз әуестіктерінің әлегімен жүрген Хосе Аркадио Буэндия балаларының жай-күйіне мұлде коңіл болмейтін.

Бірақ өзі лабораторияның аспаптарын алғып, жиыстыруға шақырған сол кештегі бастап, Хосе Аркадио Буэндия ұлдарына өзінің ең тамаша сағаттарын арнады. Қабырғалағына ілінген неше түрлі шытырман карталар мен тангажайып жоба-сзыбалар құннен-күнге қобейе берген кішкентай онаша бөлмеде ол балаларын оқу-жазуға, есепке үретіп, оларға кокірегіне оқып-біліп тоқыған жәйттерден ғана емес, ұшқыр қиялышының шексіз мүмкіндіктерін пайдаланып, ойдан қызыстырған өлемдегі сан-алуан ғажайыптар туралы хикаялар шертетін. Экесінің айтқандарынан ұлдары Африканың түстік шетінде ертеден-кешке дейін ойланып отырғаннан басқа түк бітірмейтін ақылды, әрі момын халық тұрады, ал Эгей теңізін тұра Солоники портына дейін аралдан—аралға секіріп жүріп жаяу кесіп отуге болады деген пікір түйген. Ауыздың сүйін құртатын алуан оқиғаға толы осынау кешкі хикаялардың балалардың санасына сіңгені сонша, арада талай жыл өткен соң, үкімет әскерлері офицерінің солдаттарға “Атындар” деп бүйірік береріне қас қағым сәт қалғанда — қабырғаның қасында тұрған полковник Аурелиано Буэндия бұл жолы, ауылға Мемфис кеменгерлері ашқан таң қаларлық соңғы жаңалық жайлы жар сала қайтып оралған сыған таборынан талып жеткен сырнай мен кернейдің, данғыраның үнін естіген әкесі физикадан откізіп отырған сабағын кілт тоқтатып, қолын көтерген қалпында, жанарын аудармай мелшип тұрып қалған сол бір жылымық наурыз кешін жаны елжіреп тағы да еске алады.

Бұл келген басқа сығандар болатын. Беттеріне май жағып жылтыратқан, қолдары епті жылпып тұрған сыған жүртішін тек оз тілінде ғана сойлей білетін тамаша оқілдері — жас еркектер мен әйелдер коше-қошенні ығы-жығы коңілді

думанға, өн-күйге, биге бөледі, олардың өздерімен әкелмеген дүниесі жок: сан түспен құбылып итальян романстарын айтатын тотылар, қонырау күмбірлесе алтын жұмыртқа табатын (бірден жүзін табатын) тауық, ойынды айнытпай айттып беретін оқымысты маймыл, түйме қадап беретін, керек десен, науқастың ыстығын басатын күрделі машина, ауыр ойлардан арылтатын ішірткі, уақыт откізуге жәрдемдесетін бұласыр дейсіз бе, әйтеуір, небір айшықты, небір жетік мың сан нәрселер, олардың бәрін есте сақтап қалу үшін Хосе Аркадио Буэндия қолынан келсе зерде машинасын ойлап табудан да аянбас еді. Бір сәттің ішінде ауыл бейнесі өзгеріп сала берді. Осы апыр-топыр жәрменеке бастарын айналдырган Макондо тұрғындары күнде коріп жүрген көшелерінде оз үйлерін таба алмай қалатындаі күйге ұшырады.

Мынау ту-татапайдың ішінде коз жазып қалмау қамымен балаларын қолынан ұстап алған Хосе Аркадио Буэндия біресе тісіне алтын қаптаған алдамшы сімгерге қағылып, біресе аттықолды сиқыршаға соғылып, адамдардың ығы-жығы тобырынан шыққан көң мен әтір ісінен тұншыға жүріп, ертегідегідей мына жарқ-жүрк дүниенің сансыз сырын білмек үшін есінен айрылған адамша аласұрып, Мелькиадесті ізден бармаған жері қалған жок. Мелькиадес жайында сығандардан сұрап коріп еді, олар мұның тілін түсінген жок. Әрен легенде, әдетте Мелькиадес шатырын тігетін жерге де жеткен еді, бірақ оның орнында адамды котсетпей жіберетін өллеңір дүғаны күбірлей оқып, мұнды жұзді армян сығаниның отырғанын корді. Хосе Аркадио Буэндия көз алдарында болып жатқан тамашаға тәнті болып тұрған көпшілікті кимелей кіріп, осының алдында ғана стақан толы сарғыш түсті сүйекты бір-ақ жұтып салған сығанға өзінің сауалын койды. Сыған оған таңданған жанарын бір қадады да, қас пен көздің арасында ғайып болып, тұтіндеп жатқан ісі қолканы қабатын қара май шалшыққа айналды, тек оның “Мелькиадес өлген” деген жауабы ғана әуеде қалқып қалды. Тосын хабар тобеден үргандаі Хосе Аркадио Буэндия қалшинып қатты да қалды, көпке дейін қайғылы халінен арыста алмай, басқа сиқырлы көріністер көнілдерін аулаған